

ӘОЖ 323.1

ҒТАМР 11.15.37

<https://doi.org/10.48371/ISMO.2026.64.2.009>

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭТНИКАЛЫҚ РЕПАТРИАНТТАРДЫҢ (ҚАНДАСТАР) ИНТЕГРАЦИЯСЫ (ӘЛЕУМЕТТІК- АНТРОПОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША)

Шакеева Б.Р.¹, Асхат Г.², *Айтымбетов Н.Ы.³, Жұмабайұлы Н.⁴

^{1,2} Туран университеті, Алматы, Қазақстан

*³ ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты,

Алматы, Қазақстан

⁴ Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада этникалық репатрианттардың (қандастардың) қазақстандық қоғамға интеграциялану үдерісі әлеуметтік мойындау және бірегейлену мәселелері контекстінде қарастырылады. Зерттеудің алға қойған мақсаты этникалық репатрианттардың тарихи отанына қоныс аударғаннан кейінгі әлеуметтік бейімделу ерекшеліктерін талдау және қабылдаушы қоғам тарапынан мойындалудың интеграциялық үдерістерге ықпалын анықтау. Қазақстанда қандастарды қабылдауға бағытталған мемлекеттік саясат ұзақмерзімді институционалдық қолдау тетіктерін, құқықтық мәртебе беру шараларын және әлеуметтік жеңілдіктер жүйесін қамтығанымен, жүргізілген зерттеу нәтижелері формалды интеграциялық механизмдердің этникалық репатрианттардың қоғамдық ортаға толыққанды бейімделуін әрдайым қамтамасыз ете бермейтіндігін көрсетеді.

Зерттеу 2023-2025 жылдар аралығында Қазақстанның әртүрлі өңірлерінде жүргізілген сапалық антропологиялық-әлеуметтанулық зерттеу материалдарына негізделеді. Эмпирикалық деректер Алматы облысы Есік қаласы, Шығыс-Қазақстан облысы Шығыс ауылы және Солтүстік-Қазақстан облысы Сергеевка ауданы орталығында тұратын қандастармен жүргізілген отыздан астам нарративті-биографиялық сұхбаттар негізінде жинақталды. Талдау барысында респонденттердің көші-қон тәжірибелері, әлеуметтік бейімделу үдерістері, күнделікті коммуникациялық өзара әрекеттесу ерекшеліктері және қабылдаушы орта тарапынан мойындалуға қатысты субъективті түсініктері қарастырылды.

Зерттеудің теориялық негізі ретінде Аксель Хоннеттің мойындау теориясы қолданылды. Ұсынылған тәсіл интеграцияны құқықтық мәртебемен шектелмейтін, эмоциялық қабылдауды, әлеуметтік бағалауды және қоғамның ажырамас бөлігі сезімін қамтитын көпқырлы әлеуметтік үрдіс ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері институционалдық интеграция мен күнделікті әлеуметтік мойындалу арасында тұрақты алшақтықтың сақталатынын және мұндай жағдайлардың этникалық репатрианттардың әлеуметтік оқшаулану тәуекелдерін күшейтуі

мүмкін екенін көрсетті. Авторлар этникалық репатрианттардың табысты интеграциясы институционалдық қолдау шараларын жетілдірумен қатар, әлеуметтік мойындауды күшейтетін және қандастарды қоғамның толыққанды мүшесі ретінде қабылдауға негізделген диалогтік кеңістікті қалыптастыруды қажет деген қорытынды жасайды.

Тірек сөздер: Репатриация, қандастар, интеграция, мойындау, ұлттық бірегейлік, Қазақстан, миграция

Қаржыландыру: Ғылыми мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі тарапынан 2026-2028 жылдарға арналған іргелі ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын ғылыми ұйымдарды қаржыландыру мақсатында BR31714927 «Қазақстандық динамиканың социеталды контекстіндегі көпқырлы бірегейлік пен қоғамдық консенсус: гибридітін сын-қатерлер жағдайында азаматтық бірлік модельдерін іздеу» бағдарламасы аясында дайындалды.

Кіріспе

Қазақстан Республикасы егемендік алған жылдардан бастап, көршілес елдерден этникалық қазақтарды елге қайтару саясатын іске асыра бастады. 1991 жылы репатриацияның құқықтық және ұйымдастырушылық негіздерін айқындаған алғашқы қаулы қабылданды, ал 1992 жылы қоныс аударушыларды қолдау мен оралу квотасын қарастыратын «Иммиграция туралы» Заң қабылданды [1]. Аталған құжат репатриацияны ынталандыруға бағытталған, аталған құжаттар жыл сайынғы мемлекеттік бағдарламалар аясында реттелетін және басқарылатын құқықтық базаның қалыптасуына негіз болды.

1998 жылы мемлекет «Этникалық қазақтардың тарихи отанына оралуы тұжырымдамасын» бекітті. Бұл құжатта саясаттың символдық әрі демографиялық маңызы айқындалып, ресми түрде отанына оралушыны анықтайтын «оралман» термині бекітілді. 2000 жылдардың басында Қазақстан репатриациялық үдерісті институционалдандыруды күшейтті. Этникалық қазақтардың оралуы бірнеше ведомствоның үйлестіру нысанына айналды. Бейімделу жағдайларын жақсарту мақсатында тұрғын үй беру, жәрдемақы төлеу, кәсіби даярлық пен тілдік курстар ұйымдастыру сияқты шаралар қабылданды. 2009 жылы ауқымды «Нұрлы көш» бағдарламасы іске қосылды. Бұл бағдарлама көші-қон ағындарын жүйелеуге және қандастарды өңірлер бойынша, әсіресе, демографиялық тұрғыдан күрт азаю байқалатын аймақтарға қоныстандыруды реттеуге бағытталған талпыныс болды.

Алайда, шектен тыс бюрократияландыру, ведомстволар арасындағы қайшылықтар және орталық пен өңірлер арасындағы үйлестірудің әлсіздігі аталған бастамаларды жүзеге асыру тиімділігін төмендетті. 2011 жылы Жаңаөзен қаласында ереуілге шыққан мұнайшылар мен Қазақстанның мемлекеттік күштік құрылымдары арасындағы қақтығыс орын алды. Ереуілге қатысқандардың бір бөлігін оралмандар құраған. Бұл

мемлекеттің көші-қон саясатын қайта қаралуына түрткі болды. Азаматтық алу талаптары қатандатылып, материалдық көмек көлемі қысқартылды және қабылданатын қоныс аударушылар санына шектеулер енгізілді. Сонымен қатар аталмыш шектеулердің енгізілуі жаһандық экономикалық қиындықтармен де тұспа-тұс келді, соның нәтижесінде билік тарапынан өзгерістерді енгізу себебін мемлекеттік шығындарды оңтайландыру қажеттілігімен негіздеуге тырысқаны байқалды. Алайда, бұл өзгерістерді қоғам жағымды қабылдамады. Репатриация саясаты шетелдік диаспора алдындағы моральдық міндет ретінде емес, тек уақытша басқарылатын саяси құрал ретінде қарастырыла бастады.

2010 жылдардың ортасынан бастап осы салаға қатысты мемлекет тарапынан жаңа тәсіл айқындала түсті. Репатриация барған сайын интеграция ұғымы аясында қарастырыла бастады. Мемлекет қандастардың тек тарихи отанына оралуына ғана емес, олардың қоғамға сапалы түрде интеграциялауға мән бере бастады. Осы бағытта құқықтық реформалар жүргізіліп, отанына келгендерге құрмет көрсетуге мақсатында «оралман» термині «қандас» атауымен алмастырылды [2]. Сонымен қатар бюрократиялық рәсімдерді жеңілдетуге бағытталған цифрлық құралдар әзірлене бастады. «Бір терезе» қағидаты енгізілді, электрондық сертификаттар беру тәжірибесі қалыптасты, өңірлік қабылдау және бейімдеу орталықтары құрылды. Азаматтық алғанға дейін Қазақстанда тұруға және жұмыс істеуге мүмкіндік беретін шетелдік «green card» жүйесінің баламасы ретінде «Ата жолы» картасы пайда болды.

Қандастардың құқықтық мәртебесі квотаға қолжетімділікті, әлеуметтік көмек алу, тегін медициналық қызметтер алу құқығы, мемлекеттік білім беру қызметтерін пайдалану, сондай-ақ заңды тұлғаны рәсімдемей-ақ жеке кәсіпкер ретінде тіркелу мүмкіндігін қамтиды. Сонымен қатар қазақ дәстүріне сәйкес аты-жөнін (есімі мен тегін) өзгертуге, тұрақты тұрғын үйі болмаған жағдайда уақытша тіркеуден өтуге мүмкіндік берілді. Алайда құқықтармен қатар белгілі бір міндеттер де жүктелді: шынайы ақпарат ұсыну, міндетті медициналық тексеруден өту және санитарлық талаптарды сақтау. Қазақстандық тәсіл посткеңестік және жаһандық кеңістіктегі өзге елдердің тәжірибесінен өзінің формалданған, квоталық және бюрократиялық тұрғыдан құрылымданған сипатымен ерекшеленеді.

Алайда, жоғарыда аталған мемлекеттік шараларға қарамастан, біздің жүргізген әлеуметтанулық зерттеулер нәтижелері көрсеткендей соңғы жылдары қандастарды қазақстандық қоғамға интеграциялау үдерісі бірқатар қиындықтарға тап болып отыр. Қандастар мемлекет тарапынан әлеуметтік жәрдемақылар мен жеңілдіктерге ие болғанымен, көп жағдайда өздерін қазақстандық қоғамның толыққанды мүшесі ретінде сезіне бермейді. Оған қоса жергілікті тұрғындар да көп жағдайда оларды өз қатарына қабылдауға дайын емес. Бұл жағдай Қазақстанның қандастар жиі қоныстанған кейбір аймақтарда, жергілікті тұрғындардан оқшау орналасқан елді-мекендерде айқын көрінеді. Мәселен, 2013 жылы Шығыс Қазақстан облысындағы

Шығыс ауылында өткен бас көтерулер мемлекеттік қолданыстағы интеграция саясатының әлсіз тұстарын айқындап берді [3].

Мақала еліміздің қандастар көп шоғырланған елді мекендерінде – Есік қаласы (Алматы облысы), Шығыс ауылы (Өскемен қаласы) және Сергеевка ауылында (Солтүстік Қазақстан облысы) 2023-2025 жылдары жүргізілген сапалық далалық зерттеулердің нәтижелеріне негізделеді. Далалық зерттеулер нәтижелерін талдау негізінде қандастардың интеграция мәселесі тек мемлекеттің күш-жігерімен ғана шектелмейтіндігін, сонымен қатар қабылдаушы қоғамның оларды мойындауы және бірегейлікпен байланысты терең мәселелерді қамтитыны анықталды. Себебі, репатриант өзін қоғамның бір бөлігі ретінде сезінгеннің өзінде, жергілікті тұрғындар оны әрдайым «өз адамы» ретінде қабылдауға дайын бола бермейді. Мақаланы жазу барысында алға қойылған мақсат қандастардан алынған нарративтік өмірбаяндар негізінде олардың қазақстандық қоғамға интеграциялану деңгейін, кедергілер мен мүмкіндіктерін анықтау, бірегейлену ерекшеліктерін зерттеу болып табылады.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Зерттеу логикалық тұрғыдан өзара байланысты үш кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңде Қазақстандағы репатриация үдерісінің қалыптасу тарихы мен даму ерекшеліктері зерттелді. Бұл кезеңде қандастарды қабылдау саясатының эволюциясы, көші-қон бағдарламаларының қалыптасуы, мемлекеттік қолдау тетіктері және репатрианттардың Қазақстан қоғамына бейімделуіне қатысты ғылыми әдебиеттер мен ресми құжаттарға талдау жүргізілді. Аталған кезеңнің негізгі мақсаты – Қазақстандағы репатриациялық саясаттың тарихи және институционалдық негіздерін айқындау болды.

Екінші кезең репатрианттардың интеграциялық тәжірибесін зерттеуге бағытталған далалық зерттеулерден тұрады. 2023-2025 жылы Қазақстанның әртүрлі өңірлерінде тұрып жатқан этникалық қазақтар арасында нарративтік-биографиялық сұхбаттар мен бақылау жұмыстары жүргізілді. Зерттеу алаңдары ретінде қандастар тығыз қоныстанған елді мекендер таңдалды: Алматы облысындағы Есік қаласы, «Нұрлы көш» бағдарламасы аясындағы Шығыс ауылы және Солтүстік Қазақстан облысындағы Сергеевка қаласы. Әрбір елді-мекенде 10-нан астам нарративтік-биографиялық сұхбат жүргізіліп, жалпы саны 30 сұхбат эмпирикалық база ретінде пайдаланылды. Аталған елді мекендер «Нұрлы көш» бағдарламасы аясында көшіп келуші қандастарды қоныстандыру орындары ретінде салынғандықтан таңдалынды. Респонденттерді іріктеу еркін сипатта жүргізілгенімен, негізгі критерий ретінде олардың жас ерекшеліктері мен гендерлік құрылымының әртүрлі болуы, сондай-ақ Қазақстанға қоныс аударған жылдарының біркелкі болмауы да ескерілді. Талдау екі сатылы процедура негізінде жүзеге асырылды. Алғашқы кезеңде деректер Агер мен Стрэнг моделінің

10 компоненті (4 блогы) бойынша жіктелді, ал кейінгі кезеңде А. Хоннеттің мойындау деңгейлері теориясы арқылы интерпретацияланды.

Респонденттерді іріктеу барысында «қарлы кесек» әдісі қолданылды. Бастапқы байланыс нүктелері ретінде қауымдастық көшбасшылары, жергілікті белсенділер және қандастармен жұмыс істейтін қоғамдық ұйым өкілдері алынды. Іріктеу параметрлеріне сәйкес респонденттердің 55 %-ын ерлер, 45 %-ын әйелдер құрады; жас ерекшелігі 22 мен 67 жас аралығын қамтыды. Қазақстанда орташа ұзақтығы 7 жылдан астам тұрып жатқан репатрианттар таңдап алынды.

Үшінші кезеңде жиналған эмпирикалық материалдарды өңдеу және талдау жұмыстары жүргізілді. Нарративтік сұхбаттардың транскриптітері сапалық талдау әдістері арқылы сараланып, қандастардың әлеуметтік бейімделу тәжірибесіндегі негізгі тенденциялар мен ортақ мәселелер анықталды. Сонымен қатар, респонденттердің тілдік, мәдени және әлеуметтік интеграция деңгейі, жергілікті қоғаммен өзара әрекеттесу ерекшеліктері және мемлекеттік қолдау бағдарламаларының тиімділігі бағаланды.

Нәтижелер

Қазақстанға репатрианттар квота бойынша да, өз еркімен де қоныс аударды. Квота аясында көшіп келгендер үшін әкімдіктер жанындағы арнайы комиссиялар тұрғын үй сатып алуға және біржолғы жәрдемақылар төлеуге арналған қаражаттарды қарастырып, бөлетін. Квота көлемі жыл сайын өзгеріп отырды, мемлекет оны экономикалық көрсеткіштерге қарай дербес айқындайтын. Қазақстанда репатрианттарды ұтымды қоныстандыру мақсатында арнайы «Нұрлы көш» бағдарламасы аясында тұтас шағынаудандар салынды: Алматыда – «Байбесік», Шымкентте – «Асар», Астанада – «Нұрбесік», Өскеменде – «Шығыс», Петропавлда – Николаевка мен Сергеевкадағы шағынаудандар. Алайда, көп жағдайда құрылыс сапасы тиісті деңгейде көңілден шықпады. Әсіресе, Қазақстанның солтүстік өңірлеріндегі үйлер қатал климаттық жағдайларға сәйкес келмеді. Олардың сапасыз салынуына байланысты әкімдіктерге көптеген шағымдар түсті. Сонымен қатар бұл үйлер қоныс аударушыларға арнайы ипотекалық бағдарлама арқылы берілді.

Көптеген репатрианттар үшін мемлекет ұсынатын үйлер мен тұрғын үйге бөлінетін қаржылай қолдау аса маңызды болмағанын атап өтеді, өйткені олар үшін ең бастысы азаматтық пен тұрақты жұмысқа мүмкіндігінше тезірек қол жеткізу:

«Қалай болғанда да, барлық қаражат құжат рәсімдеуге жұмсалып кетеді. Одан да азаматтықты тезірек беріп, жұмыспен қамтамасыз етсе жақсы болар еді, сонда біз үйді өзіміз салып алар едік немесе сатып алар едік».

(Қытайдан келген репатриант, ер адам, 70 жаста).

Қазақстанда құжаттарды рәсімдеу және азаматтық алу үдерісі айтарлықтай ұзақ және көбіне күрделі сипатқа ие. Құжат рәсімдеу жылдамдығына қанағаттанбаған кейбір репатрианттар арасында «Қазақстан – Қағазстан» («қағаз» — «қағаз») деген тіркес қолданылады [код: құқықтық мойындаудың тапшылығы]. Азаматтықтың ұзақ рәсімделуіне байланысты репатрианттар зейнетақы алу, жұмысқа орналасу сияқты құқықтарын толық пайдалана алмайды.

Алайда әділдік тұрғысынан атап өту қажет, кей жағдайларда миграциялық және азаматтық рәсімдерге қатысты кейбір қандастар тарапынан жеткілікті хабарсыздық үрдісті одан әрі созуы мүмкін. Сонымен қатар, қанағаттанбаушылық кез келген жүйеде кездесетін құбылыс екенін де ескеру қажет. Жалпы алғанда, қандастар сенімді ақпараттың жеткіліксіздігін атап өтеді. Олар өз құқықтары мен азаматтық алу мүмкіндіктері туралы әрдайым біле бермейді. Құқықтық сауаттылықтың төмендігі кейде адал емес тұлғалардың репатрианттардан рәсімдерді жеделдету үшін заңсыз түрде ақша алуына дейін әкелетін жағдайларға себеп болуы мүмкін.

«Біз азаматтық алғымыз келді. Қытайдан Қазақстанға ертерек қоныс аударған бір адам бұл мәселені белгілі бір ақша сомасына шешіп беретінін айтты. Біз қуанып кеттік, себебі өзіміз не істеу керектігін түсінбедік. Сонымен қатар барлық құжаттама орыс тілінде жүргізілді, ал билік өкілдері де қазақ тілін өте нашар меңгергендіктен, бізге рәсімнің толық тәртібін түсіндіре алмады. Біз ұзақ күттік, алайда оның алаяқ екені белгілі болды. Ол мені ғана емес, Қытайдан Қазақстанға оралған бірнеше отбасын да алдаған. Біз ақшамызды қайтара алмадық, тек құжаттарымыздың қайтарылғанына ғана қанағат еттік. Сондықтан азаматтық алу үдерісі бізде ұзаққа созылды».

(Қытайдан келген репатриант, ер адам, 70 жаста).

Халықаралық көші-қон ұйымының мәліметінше, Қазақстандағы қандастар көбіне жұмыспен қамту проблемаларына тап болады (45,3 %) [4]. 2023 жылы жүргізілген далалық зерттеулер кезінде жұмыс табу репатрианттар үшін ең өзекті мәселе екені айқындалды. Әсіресе, көшіп келген елден алған диплом көп жағдайда Қазақстанда жарамайды, өйткені Қазақстанда олардың біліктілігін қайта бейімдеу күрделі мәселе болып табылады. Сол себепті репатрианттардың басым бөлігі арнайы білімдері бар болса да кәсіпкерлікпен, мал шаруашылығымен айналысады немесе құрылыс пен аграрлық секторларда еңбек етеді.

Статистикалық деректерге сәйкес, қандастар арасында білім деңгейі бойынша тек жалпы орта білімі бар тұлғалар басымдыққа ие (61 %) [5]. Мәселен, 2023 жылы еңбекке қабілетті жастағы қандастардың білім деңгейі мынадай көрсеткішті көрсетті: 18 % жоғары білімге, 38,6 % орта арнаулы білімге, 37,4 % жалпы орта білімге ие, ал 5,9 % жуығы білімі болмаған.

Мемлекеттік бағдарлама аясында білім алуға қатысты жеңілдіктер жүйесі қарастырылған. Елдегі жетекші жоғары оқу орындарында оқыту үшін жас репатрианттарды даярлауға бағытталған арнайы бағдарламалар әзірленді. Практика көрсеткендей, Қазақстанда білім алған қандастар қоғамға әлдеқайда жоғары деңгейде интеграцияланады.

«2003 жылы Қазақстанға репатрианттардың үлкен толқыны келді, әсіресе, олардың көпшілігі жастар болды. Шамамен 1500-2000 жас шекарадан өтті. Сол кезде Алматы, Тараз, Кентау және басқа да қалаларда дайындық курстары ашылды. Жоғары балл жинағандар ҚазҰУ-ға түсті. Бізге тіл үйретіп, бейімделуге көмектесті. Қазақстан тарихын оқыдық. Кейін емтихан тапсырып, ҚазҰУ-ға мамандық бойынша оқуға түстік. Ал түсе алмағандар саудаға кетті немесе Қытайға қайта оралды. Білімсіз жаңа ортаға бейімделу өте қиын. Кейбір табанды жастар бағын екінші рет сынап көру үшін тағы бір жыл қалып қойды».

(Қытайдан келген репатриант, ер адам, 38 жаста).

Орта мектептерде қандас бауырларымыздың балалары үшін білім алу қолжетімді. Дегенмен, кейбір респонденттер олардың балалары мектепте буллингке және дұрыс қабылдамаушылыққа тап болғанын атап өтті.

«Менің немерем мектепке тез бейімделіп кетті. Жақсы оқып, үздік оқушылардың бірі болды. Бірақ кейбір балалар мен ата-аналар: «Қалайша қытай бала қазақтардың ішінде үздік болып кетті» деп шу шығарды. Алайда біз өзіміз қазақпыз ғой. Қазақ тілі – біздің ана тіліміз.

(Қытайдан келген репатриант, ер адам, 65 жаста).

Мемлекет бұл мәселені құжаттарды рәсімдеу мерзімін қысқарту және ұсынылатын құжаттар санын азайту арқылы шешуге тырысады. Алайда қандастардың жауаптарын талдау нәтижесінде, репатрианттар үшін ақпараттың қолжетімділігі мәселесі және атқарушы билік органдары тарапынан бұл бағытта жүйелі жұмыстың жеткіліксіздігі әлі де сақталып отырғанын байқауға болады.

Репатрианттар қазақ тілінде қызметтер ала алмайды. Әдетте мұндай түсіндіру жұмыстарын қандастарды бейімдеу және интеграциялау орталықтары жүргізуі тиіс. Алайда сұхбат барысында бірде-бір респондент бұл орталықтардың жұмысын немесе оларға жүгінгенін атап өтпеді. Олар үшін ақпаратты достарынан, туыстарынан және таныстарынан немесе ақылы негізде олардың құжаттарын рәсімдеп беретін делдалдар қызметі. Формалды институттар тиімсіз болған жағдайда бейресми институттардың рөлі күшейеді, бұл өз кезегінде мемлекеттің көші-қон үдерістерін бақылау қабілетіне теріс әсер етеді [6].

Қандастар жергілікті этникалық қазақтарға барлық жағынан ұқсас болуына қарамастан, репатрианттармен жүргізілген нарративтік сұхбаттар жергілікті тұрғындар мен қандастар арасындағы мәдени және тілдік айырмашылықтардың тұрақты түрде сақталатынын көрсетті. Аталған зерттеуге қатысқан респонденттердің Алматы, Солтүстік және Шығыс Қазақстан облыстарында тұратындығын атап өткен жөн. Ал әлеуметтік-мәдени бейімделу Қазақстанның солтүстік өңірлерімен салыстырған оңтүстікте (Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау облыстары), яғни дәстүрлі қазақ мәдениетіне берік сақталған аймақтарда анағұрлым жеңіл өтеді [7].

Сұхбаттарды талдау нәтижелері көрсеткендей, әртүрлі елдерден (посткеңестік елдер, Иран, Қытай, Моңғолия) келген репатрианттардың қазақстандық қоғамда қабылдануы мен бейімделуі біркелкі сипатқа ие емес. Әсіресе қандастар мен жергілікті халық арасындағы айырмашылықтар солтүстік өңірлер мен ірі қалаларда айқынырақ байқалады, мұнда респонденттердің пікірінше, орыстанған мәдени орта басым. Көптеген репатрианттар бір жағынан солтүстікте жергілікті халықтың қазақ дәстүрлерінің кейбір элементтерін жоғалтқанын атап өтсе, екінші жағынан өздерінің бұл дәстүрлерді шетелде тұрса да сақтап қалғанын атап көрсетеді.

«Жергілікті қазақтар тек орыс тілінде сөйлеп қана қоймай, соған сәйкес мінез-құлық та көрсетеді. Ас беру (жерлеу) рәсімдерінде мен біздің дәстүрімізден мүлде бөлек жағдайды байқадым. Қазақтардың байырғы дәстүрі бойынша бұлай жасалмайды!»

(Ираннан келген репатриант, әйел, 35 жаста).

Ортақ кеңестік тарихи жағдайды бастан өткерген мемлекеттерден, мысалы Өзбекстан мен Ресейден келген репатрианттар жергілікті халықпен мәдени айырмашылықтың аз екенін атап өтеді. Бұл өз кезегінде олардың қазақстандық қоғамға интеграция үдерісін жеңілдетеді. Мұны ортақ тарихи-мәдени контекстпен, атап айтқанда кеңестік идеология мен тілдің ықпалымен түсіндіруге болады. Ал Қытай, Иран және басқа да посткеңестік емес елдерден келген қандастар бейімделу барысында анағұрлым басым кедергілерге тап болады. Далалық зерттеулер барысында әртүрлі елдерден келген репатрианттар арасында белгілі бір әлеуметтік қашықтықтың бар екені байқалды. Тіпті бір ауылда тұрса да, олар бір-бірімен тығыз байланыс орнатпайды және көбіне көшіп келген елдері бойынша өзара топтасуды және қарым-қатынас жасауды жөн көреді.

Иран мен Пәкістаннан келген қандастардың мәдени болмысында исламдық сипаттар басым. Олардың көпшілігі діни нормаларды қатаң ұстанып, жергілікті қазақтардың дәстүрлі мұсылмандық тәжірибелерден алыстап кеткенін атап өтеді. Қосымша қиындықтардың бірі ретінде шетелде қалыптасқан қазақ жазуының айырмашылығы, бұл жергілікті

мәдени кеңістікті түсіну мен коммуникацияны одан әрі күрделендіре түседі. Жергілікті қазақтардың көзқарасы бойынша, Қытай мен Моңғолиядан келген репатрианттардың мәдениеті біршама көнерген сипатты иеленеді. Олар қазіргі Қазақстан қоғамында жоғалған тілдік және мінез-құлық формаларын сақтап қалған. Сонымен қатар бұл топтардың посткеңестік құндылықтарды, атап айтқанда интернационализм мен көптілділікті қабылдауы қиындық тудырады.

Жергілікті халық арасында қандастар көшіп келген елдердің мәдениетін бойына сіңірген деген пікір де кездеседі. Бұл оларды «бөтен» ретінде қабылдауға негіз болып, бірегейлену мен интеграциялану аясында шекаралар туындатады. Қандастар арасында жауап берген респонденттердің берген жауаптарында қандастарды «келімсек қазақтар», «сатқындар», «кезбе оралмандар», «қытайлар», «қарақалпақтар» деп атау жағдайлары кездеседі, бұл олардың шыққан еліне байланысты әртүрлі сипатта көрініс табады.

Осылайша, көп жағдайда жергілікті қазақ халқы мен репатрианттар арасындағы өзара қарым-қатынастар көбінесе әлеуметтік шиеленіспен сипатталады. Бұл кей жағдайда репатрианттарға мемлекет тарапынан көрсетілетін әлеуметтік қолдаумен де байланысты. Бұлар «бәріне дайын күйінде келді» деген көзқарастар жергілікті тұрғындар арасында жиі айтылады, сондай-ақ тарихи адалдыққа қатысты айыптауларда жоқ емес. Тарихи қиын қыстау кезеңдерінде көрші елдерге көшіп кеткен, енді елімізде жағдай жақсарғанда қайтып көшіп келіп жатыр деген сияқты пікірлер кездеседі. Нәтижесінде репатрианттар туыстары мен таныстарының маңайына қоныстануға тырысады, бұл оларға әлеуметтік қолдау мен қауіпсіздік сезімін қамтамасыз етеді. Бұл өз кезегінде шоғырланған қоныстану аймақтарының қалыптасуына ықпал етеді. Осылайша, репатрианттардың кейбір бөлігі қабылдаушы орта тарапынан мойындалмауы қоғамда интеграцияны күрделендіре түседі.

Талқылау

«Репатриация» терминінің кеңінен қолданылуына қарамастан, академиялық кеңістікте оның бірыңғай анықтамасы қалыптаспаған. Көптеген еңбектерде бұл ұғым этникалық топ өкілдерінің өздерінің тарихи отаны ретінде интерпретацияланатын аумаққа оралуын білдіреді» [8]. Аталған контексте Р. Баубек ұсынған трансұлттық азаматтық тұжырымдамалары ерекше мәнге ие. Оның тәсілінде қайту үдерісі тек кеңістіктік орын ауыстыру ретінде ғана емес, сонымен қатар шыққан еліндегі саяси-азаматтық құқықтарға қолжетімділікті қалпына келтіру ретінде интерпретацияланады. Бұл ұғым репатриацияны түсіну аясын түбегейлі кеңейтеді [9].

Р. Кингтің тарихи-салыстырмалы талдауы «қайтарымды көші-қон» ұғымының этникалық репатриацияға қарағанда анағұрлым кең

екенін көрсетеді, себебі соңғысында негізгі назар оралушылар мен қабылдаушы мемлекеттің этносаяси құрылымы арасындағы туыстық байланысқа аударылады [10]. Осы тұрғыдан алғанда, репатриация көбіне мемлекеттік саясат шеңберінде құрал ретінде көрініс табады, әсіресе этноорталықтандырылған режимдерде, мұнда репатрианттың этникалық шығу тегі заңды түрде оралуының жеткілікті шарты ретінде танылады. Алайда этникалық және мәдени ұқсастық интеграция үдерісін автоматты түрде жеңілдетеді деген болжам эмпирикалық тұрғыдан расталмайды.

Көптеген зерттеулер репатрианттардың интеграция үрдісі әлдеқайда қақтығысты әрі көпқабатты сипатқа ие екенін көрсетеді. К. Йопкенің пайымдауынша, ұлттық тиесіліктің универсалистік негіздерін жариялайтын либералды демократиялар теңдік қағидаттары мен этникалық іріктеуге негізделген репатриациялық бағдарламалар арасындағы қайшылықтарға тап болады. Ал этникалық мемлекеттерде мұндай бағдарламалар үстем этномәдени бірегейлікке негізделген ұлт-мемлекет идеологиясының табиғи жалғасы ретінде қабылданады. Бұл жағдайда репатриация адамдардың символикалық оралу ретінде қабылданады [11].

Бразилиядан этикалық жапондарды тартуға бағытталған ауқымды шаралар жүзеге асырылған Жапония мысалына назар аударатын болсақ репатрианттар ортақ этникалық шығу тегіне қарамастан, өзге мәдени кодтың тасымалдаушылары болып табылады [12]. Бұл этникалық ортақтықты интеграциялық ресурс ретінде жеткілікті деп қарастыратын тезисті әлсіретеді. Осылайша, репатрианттың этникалық шығу тегі табысты интеграцияның жеткілікті шарты болып табылмайды. Алдыңғы қатарға тарихи отанынан тыс қалыптасқан мәдени және әлеуметтік айырмашылықтар шығады. «Кері қайтқан мигранттардың» менталитеті мен мәдениеті жергілікті тұрғындармен салыстырғанда бәрібір өзгеше болады. Сондықтан олардың интеграция ерекшеліктерін анықтау үшін барлық мигранттарға ортақ қолданылатын критерийлерді пайдалану қажет.

Интеграцияның теориялық модельдерінің ішінде А. Агер мен Э. Стрэнг ұсынған тұжырымдаманың маңызы ерекше [13]. Олар интеграцияны төрт мағыналық блокқа біріктірген он түрлі индикатор арқылы операциялауды ұсынады. Сонымен қатар, Х. Эссер мен Ф. Хекманн әзірлеген интеграцияның төртқырлы үлгісі бар, ол мәдени, құрылымдық, әлеуметтік және сәйкестендіру құрамдастарын қамтып, бейімделу динамикасының неғұрлым кешенді көрінісін ұсынады [14]. Аталған модельдер осы зерттеудің эмпирикалық құралдарын әзірлеудің негізіне алынды.

Атап айтқанда, индикаторлар білім беру, денсаулық сақтау, еңбек нарығы мен тұрғын үй ресурстарына қолжетімділікті; әлеуметтік байланыстардың болуын (этникалық топ мүшелерімен де, қабылдаушы қоғам өкілдерімен де); сондай-ақ тиесілік сезімі мен қауіпсіздік деңгейін қамтиды. Мұндай кешенді тәсіл интеграцияның құрылымдық және

сәйкестендіру аспектілерін қатар ескеруге мүмкіндік береді.

Қандастардың қазақстандық қоғамға интеграциялануын түсіндіруде неміс философы Аксель Хоннеттің заманауи мойындау теорияларына жүгінген орынды. Философтың пікірінше, тұлғаның қалыптасуы мен әлеуметтік интеграция үшін адамға оның қоршаған ортаның мойындау ерекше маңызды. Өйткені адамдық «Мен» басқалардан бөлек дербес өмір сүрмейді, ол басқалармен өзара әрекеттесу барысында қалыптасады. Яғни, адам тек басқалар тарапынан мойындалған жағдайда ғана өзін тұлға ретінде қалыптастыра алады. А. Хоннет мойындаудың үш формасын немесе деңгейін ажыратады: эмоционалдық, құқықтық және әлеуметтік немесе мәдени мойындау. Әрбір деңгей қоғамға кірігу үшін маңызды болып табылады [15].

Эмоционалды түрде мойындау. Бұл мойындаудың алғашқы, базалық деңгейі, ол кез келген адамның отбасында қалыптасады. Ол – сенім, жақындық және сүйіспеншілік сезімдері арқылы көрініс тауып, өзіндік бірегейленудің негізін және әлемге деген сенімнің базасын қалыптастырады.

Құқықтық түрде мойындау. Екінші деңгей құқық пен мемлекеттегі мәртебемен тығыз байланысты. Әрбір адам заң алдында тең құқықтарға ие. Бұл жерде мойындау жеке қатынастар арқылы емес, мемлекет пен құқықтық тәртіп арқылы жүзеге асады. Біздің жағдайда репатриант өзін қоғамның толыққанды мүшесі ретінде сезінуі үшін азаматтық пен барлық құқықтарды мүмкіндігінше тез иеленуі қажет. Құқықтық мойындау адамның құқықтық жүйе шеңберінде қоғамның тең құқылы қатысушысы екенін растайды.

Әлеуметтік түрде мойындау. Бұл деңгейде адам тек тең құқықты ғана емес, сонымен қатар маңызды тұлға ретінде де танылады. Яғни, адам қоғам тарапынан мойындалатын және қабылданатын белгілі бір қасиеттерге ие болады. Дәл осы сезім топқа тиістілік, құрмет және мойындалу сезімін қалыптастырады. А. Хоннеттің пікірінше, әлеуметтік мойындау тек сыпайы қатынас немесе толеранттылық қана емес, ол қоғамдық ынтымақтастық аясында басқаның үлесі мен бірегейлігін белсенді түрде мойындау болып табылады. Әлеуметтік мойындау кәсіби жетістіктерді тануда, мәдени кеңістікке, бұқаралық ақпарат құралдарына, білімге, өнерге және тыңдалу мүмкіндігіне қолжетімділік кезінде көрініс табады. Ал әлеуметтік мойындаудың болмауы әлеуметтік маргинализацияға әкеледі.

Мойындаудың мұндай кеңейтілген түсінігі Аксель Хоннеттің теориясымен үндеседі, онда әлеуметтік мойындау толыққанды субъектіліктің қалыптасуының қажетті шарты ретінде қарастырылады. Осы тұрғыдан алғанда, интеграция таза институционалдық міндет болудан қалып, әлеуметтік қатынастардың моральдық грамматикасы мәселесіне айналады [15]. Осылайша, репатриацияны зерттеудің заманауи өрісі өзінің көп өлшемді сипатын айқындайды. Құқықтық және институционалдық

шеңберлерден бастап, бірегейлік, мойындау және символдық тәртіп мәселелеріне дейін. Бұл миграцияны зерттеулерде саяси әлеуметтануды, әлеуметтік антропологияны, этика мен философияны ұштастыратын пәнаралық тәсілді талап етеді.

Интеграция – күрделі әрі көпқырлы үрдіс. Бұл үрдіске репатрианттардың өздері де белсенді қатысуы ерекше маңызды. Өйткені интеграцияның табыстылығы оның тілді үйренуге, мәдени нормаларды игеруге және т.б. бағытталған жеке күш-жігері мен ниетіне тікелей байланысты. Бұл белгілі бір психологиялық дайындық пен ресурстарды талап етеді. Ең бастысы адамның өзі өзгеруге деген ішкі ұмтылысы болуы қажет. Қабылдаушы қоғам репатрианттарды «біз» деп аталатын қауымдастықтың бір бөлігі ретінде, соның барлық салдарларымен – құқықтары мен пікірлерін құрметтеу және мойындауды қоса алғанда – қабылдауға дайын болуы тиіс. Интеграция үдерісінің бұл екі қыры өзара тығыз байланысты, өйткені «бөгде» ретінде қабылданып, теріс көзқарас қалыптасқан жабық қоғамға бейімделу өте қиын. Кей жағдайда сенімсіздік дискриминация ретінде қабылданып, адамның интеграцияға деген мотивациясын жоғалтуына алып келеді, бұл өз кезегінде жатсыну сезімін күшейтеді. Сонымен қатар, екінші жағынан, егер репатриант жергілікті тіл, мәдениет және менталитет ерекшеліктерін үйренуге ұмтылмаса, қоғам да оны қабылдай алмайды. Сондықтан интеграцияның табыстылығы өзара мойындау мен қабылдауға тікелей байланысты.

Дәстүрлі түрде көші-қон зерттеулерінде басты назар мемлекеттің міндеттеріне аударылады. Алайда Дж. О’Нил атап өткендей, интеграцияның табыстылығы көптеген акторлардың, соның ішінде жергілікті тұрғындардан бастап жұмыс берушілерге, қоғамдық және діни ұйымдарға дейінгі субъектілердің бірлескен қатысуының нәтижесі болып табылады. Интеграция – бұл әкімшілік үдерістен гөрі, өзара қарым-қатынастардың динамикасы. Қабылдау деңгейі формалды төзімділіктен бастап әлеуметтік өмірге шынайы кірігуге дейін әртүрлі болуы мүмкін.

Мұндай зерттеу дизайны құрылымдық талдау мен субъективті қабылдауды өзара ұштастыруға мүмкіндік береді. Респонденттердің нарративтері мен философиялық тұжырымдамалар арқылы интеграцияны тек саяси-құқықтық міндет ретінде ғана емес, мойындалу үшін күреспен астасқан ішкі бейімделу үдерісі ретінде де қарастыруға болады. Осындай тәсіл болып жатқан құбылыстарды тереңірек түсінуге мүмкіндік беріп, адамға бағдарланған жаңартылған саясаттың негізіне айналуы ықтимал.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, Қазақстандағы репатрианттарды интеграциялау саясатының өзіндік ерекшеліктері бар екендігі байқалады. Қазақстандық тәжірибе этностық фактордың мемлекеттік мүдделермен, демографиялық міндеттермен және экономикалық басымдықтармен өзара тығыз байланыс

Қазақстандағы этникалық репатрианттардың (қандастар) интеграциясы ...

негізінде қалыптасқан посткеңестік интеграция моделін көрсетеді. Соның нәтижесінде институционалдық мойындау мен әлеуметтік қабылдау арасындағы қайшылық байқалады: қандастарды мойындау үдерісі жүзеге асырылғанымен, оның институционалдық және әлеуметтік тетіктері жеткілікті деңгейде орнықпаған.

Мойындау ұғымы репатрианттардың құқықтық тұрғыдан тарихи отанына оралуы мен олардың қоғам тарапынан нақты әлеуметтік қабылдануы арасындағы алшақтықты түсіндіретін негізгі теориялық категория ретінде қарастырылады. Азаматтық беру немесе құқықтық мәртебені ресми түрде бекіту репатрианттардың әлеуметтік және мәдени тұрғыдан толық қабылдануын әрдайым қамтамасыз ете бермейді. Бұл жағдай олардың қоғамға тиесілілік сезімінің әлсіреуінен және әлеуметтік маргиналдану үдерістерінен көрініс табады.

Қазақстандағы қандастар тәжірибесі құқықтық мойындаудың көбіне формалды сипатта сақталуы және қоғам тарапынан әлеуметтік қабылдау деңгейінің жеткіліксіздігі интеграция үдерісінің тиімділігіне кері әсер ететінін көрсетеді. Нәтижесінде бұл әлеуметтік оқшаулануға алып келіп, репатрианттардың қоғамдық өмірге толыққанды қатысу мүмкіндіктерін шектейді әрі оларды әлеуметтік тұрғыдан шеттетілген топ ретінде қабылдау үрдістерінің сақталуына ықпал етеді.

Қандастардың қоғамдық өмірге толыққанды қатысу мүмкіндіктерін кеңейту, жергілікті қауымдастықтармен тұрақты өзара әрекеттесу ортасын қалыптастыру, білім беру ұйымдары, еңбек ұжымдары және жергілікті қоғамдастықтар деңгейінде әлеуметтік байланыстарды нығайту олардың қоғамға тиесілілік сезімін күшейтуге ықпал етуі мүмкін. Сонымен қатар қоғамдық ортада өзара құрмет пен қабылдауды нығайтуға бағытталған тәсілдерді дамыту, қандастар мен жергілікті тұрғындар арасындағы күнделікті әлеуметтік өзара әрекеттесуді кеңейту және ақпараттық қолдау тетіктерін жетілдіру олардың әлеуметтік мойындалуын күшейтіп, орнықты интеграция үшін қолайлы жағдай қалыптастыруға ықпал етуі мүмкін.

Осылайша, этникалық қазақ репатрианттарын эмоциялық, құқықтық және әлеуметтік-мәдени деңгейлерде кешенді әрі жүйелі түрде мойындаусыз олардың қоғамға орнықты интеграциялануы мүмкін емес. Көпдеңгейлі мойындау тетіктерін дамыту қандастардың орнықты интеграциясына қолайлы институционалдық негіз қалыптастыруы мүмкін.

ӘДЕБИЕТ

[1] О мерах по реализации постановления Верховного Совета Республики Казахстан «О введении в действие Закона Республики Казахстан «Об иммиграции» https://zakon.uchet.kz/rus/docs/P920001055_

[2] Этнососоциальные процессы в Республике Казахстан / отв. ред. М.С. Шайкемелев. *Сборник научных трудов. – Алматы: ИФПР КН МОН РК. - 2021. Часть 2. – С. 250–251.*

[3] В ВКО жители поселка Шыгыс вышли на митинг из-за отключения света. URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31391464

[4] Аналитический обзор, подготовленный Международной организацией по миграции. Результаты социологического исследования, проведенного в пяти регионах Республики Казахстан. - 2014.

[5] Черных И. А. Этнические мигранты в Казахстане: факторы уязвимости и поведенческие модели // *Мигранты и вопросы их инклюзии в государствах евразийского пространства*. Сборник материалов международной научной конференции. Алматы. - 2017. С. 66–82.

[6] Faist T., Bilecen B., Barglowski K., Sienkiewicz J. J. Transnational Social Protection: Migrants' Strategies and Patterns of Inequalities. *Population, Space and Place*. 2017. - Vol. 21. P. 191–202.

[7] Абдигалиева Г. К., Камалдинова А. А. Социально-политическое положение оралманов в Казахстане // *Вестник КазНУ им. аль-Фараби*. - 2015. № 1(50). С. 130–138.

[8] Castles S., Miller M., Ammendola G. The Age of Migration: International Population Movements in the Modern World. *American Foreign Policy Interests*. - 2005. - Vol. 27. No. 6. P. 537–542. <https://doi.org/10.1080/10803920500434037>.

[9] Bauböck R. *Transnational Citizenship and Migration*. London: Routledge, 2017. - 560 p. ISBN 9781472428165.

[10] King R. Generalizations from the History of Return Migration. Ghosh B. (ed.). *Return Migration: Journey of Hope or Despair?* Geneva: International Organization for Migration.- 2000. - P. 7–55.

[11] Brubaker R. *Citizenship and Nationhood in France and Germany*. Cambridge, MA: Harvard University Press. – 1992. - 270 p.

[12] Joppke C. *Selecting by Origin: Ethnic Migration in the Liberal State*. Cambridge, MA: Harvard University Press. – 2005. - 321 p.

[13] Ager A., Strang A. Understanding Integration: A Conceptual Framework. *Journal of Refugee Studies*. – 2008. - Vol. 21. No. 2. P. 166-191.

[14] Heckmann F. The Concept of Integration: Theoretical Concerns and Practical Meaning. Asselin J. et al. (eds.). *Social Integration and Mobility: Education, Housing and Health*. Lisbon: Centro de Estudos Geográficos. – 2005. - P. 7-20.

[15] Honneth A. *The Struggle for Recognition: The Moral Grammar of Social Conflicts*. Cambridge, MA: MIT Press. - 1996. - 215 p.

REFERENCES

[1] О мерах по реализации постановления Верховного Совета Республики Казахстан “О введении в действие Закона Республики Казахстан “Об иммиграции” [On measures to implement the Resolution of the Supreme Council of the Republic of Kazakhstan “On the entry into force of the Law of the Republic of Kazakhstan “On Immigration”] https://zakon.uchet.kz/rus/docs/P920001055_ [in Russ.].

[2] Jetnosocial'nye processy v Respublike Kazahstan [Ethnosocial processes in the Republic of Kazakhstan] / otv. red. M.S. Shajkemelev. Sbornik nauchnyh trudov. – Almaty: IFPR KN MON RK. - 2021. Chast' 2. – С. 250–251. [in Russ.].

[3] V VKO zhiteli poselka Shygys vyshli na miting iz-za otkljuchenija sveta. [In East Kazakhstan region, residents of the village of Shygys held a rally due to a power outage] URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31391464 [in Russ.].

[4] Analiticheskij obzor, podgotovlennyj Mezhdunarodnoj organizaciej po migracii. Rezul'taty sociologicheskogo issledovanija, provedennogo v pjati regionah Respubliki Kazahstan. [Analytical review prepared by the International Organization for Migration. Results of a sociological study conducted in five regions of the Republic of Kazakhstan] - 2014. [in Russ.].

[5] Chernyh I. A. Jetnicheskie migranty v Kazahstane: faktory ujazvimosti i povedencheskie modeli [Ethnic migrants in Kazakhstan: factors Vulnerabilities and Behavioral Patterns] // Migranty i voprosy ih inkljuzii v gosudarstvah evrazijskogo prostranstva. Sbornik materialov mezhdunarodnoj nauchnoj konferencii. Almaty. - 2017. S. 66–82. [in Russ.].

[6] Faist T., Bilecen B., Barglowski K., Sienkiewicz J. J. Transnational Social Protection: Migrants' Strategies and Patterns of Inequalities. Population, Space and Place. 2017. - Vol. 21. P. 191–202.

[7] Abdigalieva G. K., Kamaldinova A. A. Social'no-politicheskoe polozhenie oralmanov v Kazahstane [Socio-political Situation of Oralmen in Kazakhstan] // Vestnik KazNU im. al'-Farabi. - 2015. № 1(50). S. 130–138. [in Russ.].

[8] Castles S., Miller M., Ammendola G. The Age of Migration: International Population Movements in the Modern World. American Foreign Policy Interests. - 2005. - Vol. 27. No. 6. P. 537–542. <https://doi.org/10.1080/10803920500434037>.

[9] Bauböck R. Transnational Citizenship and Migration. London: Routledge, 2017. - 560 p. ISBN 9781472428165.

[10] King R. Generalizations from the History of Return Migration. Ghosh B. (ed.). Return Migration: Journey of Hope or Despair? Geneva: International Organization for Migration.- 2000. - P. 7–55.

[11] Brubaker R. Citizenship and Nationhood in France and Germany. Cambridge, MA: Harvard University Press. – 1992. - 270 p.

[12] Joppke C. Selecting by Origin: Ethnic Migration in the Liberal State. Cambridge, MA: Harvard University Press. – 2005. - 321 p.

[13] Ager A., Strang A. Understanding Integration: A Conceptual Framework. Journal of Refugee Studies. – 2008. - Vol. 21. No. 2. P. 166–191.

[14] Heckmann F. The Concept of Integration: Theoretical Concerns and Practical Meaning. Asselin J. et al. (eds.). Social Integration and Mobility: Education, Housing and Health. Lisbon: Centro de Estudos Geográficos. – 2005. - P. 7–20.

[15] Honneth A. The Struggle for Recognition: The Moral Grammar of Social Conflicts. Cambridge, MA: MIT Press. - 1996. - 215 p.

ИНТЕГРАЦИЯ ЭТНИЧЕСКИХ РЕПАТРИАНТОВ (КАНДАСОВ) В КАЗАХСТАНЕ (ПО РЕЗУЛЬТАТАМ СОЦИАЛЬНО- АНТРОПОЛОГИЧЕСКОГО ИССЛЕДОВАНИЯ)

Шакеева Б.Р.¹, Асхат Г.², *Айтымбетов Н.Ы.³, Жұмабайұлы Н.⁴

^{1,2} Университет «Туран», Алматы, Казахстан

^{*3} Института философии, политологии и религиоведения КН МНВО РК,
Алматы, Казахстан

⁴ Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Алматы, Казахстан

Аннотация. В статье процесс интеграции этнических репатриантов (кандасов) в казахстанское общество рассматривается в контексте социального признания и формирования идентичности. Цель исследования заключается в анализе особенностей социальной адаптации этнических репатриантов после переселения на историческую родину, а также в выявлении влияния признания со стороны принимающего общества на интеграционные процессы. Несмотря на то, что государственная политика Казахстана, направленная на приём и поддержку кандасов, включает долгосрочные механизмы институциональной поддержки, меры по предоставлению правового статуса и систему социальных льгот, результаты проведённого исследования показывают наличие ряда интеграционных трудностей. Полученные данные свидетельствуют о том, что формальные механизмы интеграции не всегда обеспечивают полноценное включение этнических репатриантов в общественную среду.

Исследование основано на материалах качественного социально-антропологического исследования, проведённого в различных регионах Казахстана в период 2023-2025 гг. Эмпирическая база сформирована на основе более тридцати нарративно-биографических интервью с кандасами, проживающими в городе Есик Алматинской области, селе Шыгыс Восточно-Казахстанской области и районном центре Сергеевка Северо-Казахстанской области. В ходе анализа были рассмотрены миграционный опыт респондентов, процессы социальной адаптации, особенности повседневного коммуникативного взаимодействия, а также субъективные представления о признании со стороны принимающего общества.

Теоретико-методологическую основу исследования составляет теория признания Акселя Хоннета. Предложенный подход позволяет рассматривать интеграцию как многомерный социальный процесс, не ограничивающийся правовым статусом, а включающий эмоциональное принятие, социальную оценку и формирование чувства общественной принадлежности. Результаты исследования демонстрируют сохранение устойчивого разрыва между

институциональной интеграцией и повседневным социальным признанием, что может усиливать риски социальной изоляции этнических репатриантов. В заключение обосновывается, что успешная интеграция этнических репатриантов требует не только совершенствования институциональных механизмов поддержки, но и формирования диалогического пространства, основанного на социальном признании и принятии кандасов в качестве полноправных членов общества.

Ключевые слова: репатриация, кандасы, интеграция, признание, национальная идентичность, Казахстан, миграция

Финансирование: Научная статья подготовлена в рамках программы BR31714927 «Многомерная идентичность и общественный консенсус в социетальном контексте казахстанской динамики: поиск моделей гражданского единства в условиях гибридных вызовов», реализуемой в целях финансирования научных организаций, осуществляющих фундаментальные научные исследования на 2026–2028 годы, при поддержке Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан.

**INTEGRATION OF ETHNIC REPATRIATES (KANDAS) IN
KAZAKHSTAN
(BASED ON THE RESULTS OF A
SOCIO-ANTHROPOLOGICAL STUDY)**

Shakeyeva B.R.¹, Askhat G.², *Aitymbetov N.Y.³, Zhumabayuly N.⁴

^{1,2} Turan University, Almaty, Kazakhstan

^{*3} Institute for Philosophy, Political Science and Religious Studies of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, Almaty, Kazakhstan

⁴ Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Abstract. This article examines the integration process of ethnic repatriates (kandas) into Kazakhstani society through the lens of social recognition and identity formation. The study aims to analyze the specific features of the social adaptation of ethnic repatriates following their relocation to their historical homeland and to identify the impact of recognition by the host society on integration processes. Although Kazakhstan's state policy aimed at the reception and support of kandas includes long-term institutional support mechanisms, legal status provision measures, and a system of social benefits, the findings of this study indicate that formal integration mechanisms do not always ensure the full inclusion of ethnic repatriates into the social environment.

The study is based on materials obtained through a qualitative socio-anthropological investigation conducted across various regions of Kazakhstan between 2023 and 2025. The empirical basis consists of more than thirty narrative-biographical interviews conducted with kandas residing in the city of Esik (Almaty Region), the village of Shygys (East Kazakhstan Region), and the town of Sergeevka

(North Kazakhstan Region). The analysis focused on respondents' migration experiences, processes of social adaptation, patterns of everyday communicative interaction, and subjective perceptions of recognition by the host society.

The theoretical and methodological framework of the study is grounded in Axel Honneth's theory of recognition. This approach makes it possible to conceptualize integration as a multidimensional social process extending beyond legal status to encompass emotional acceptance, social valuation, and the development of a sense of social belonging. The findings reveal the persistence of a substantial gap between institutional integration and everyday social recognition, a condition that may reinforce the risks of social isolation among ethnic repatriates. The article concludes that the successful integration of ethnic repatriates requires not only the improvement of institutional support mechanisms but also the creation of a dialogical social space grounded in social recognition and the acceptance of kandas as full and equal members of society.

Keywords: repatriation, kandas, integration, recognition, national identity, Kazakhstan, migration

Funding: This research article was prepared within the framework of Program **BR31714927**, "Multidimensional Identity and Public Consensus in the Societal Context of Kazakhstan's Dynamics: Exploring Models of Civic Unity under Hybrid Challenges," implemented to support the funding of research organizations conducting fundamental scientific research for 2026–2028 by the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan.

Мақала түсті / Статья поступила / Received: 14.05.2026.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 26.06.2026.

Авторлар туралы мәлімет:

Шакеева Б.Р. - Халықаралық қатынастар және дипломатия жоғарғы мектебінің қауымдастырылған профессор-зерттеушісі, Туран университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: botashakeeva@gmail.com

Асхат Г.- Халықаралық қатынастар және дипломатия жоғарғы мектебінің қауымдастырылған профессоры, Туран университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: g.askhat@turan-edu.kz

Айтымбетов Н.Ы. ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының жетекші ғылыми қызметкері, қауымдастырылған профессор, Алматы, Қазақстан, e-mail: nurken.aitymbetov@gmail.com

Жұмабайұлы Н. - Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің PhD докторанты, Алматы, Қазақстан, e-mail: nury_kz@mail.ru

Информация об авторах:

Шакеева Б.Р. - Асоц. профессор-исследователь Высшей школы международных отношений и дипломатии Университет «Туран», Алматы, Казахстан, e-mail: botashakeeva@gmail.com

Асхат Г. - Асс. профессор Высшей школы международных отношений и дипломатии Университет «Туран», Алматы, Казахстан, e-mail: g.askhat@turana-educ.kz

Айтымбетов Н.Ы. - Ведущий научный сотрудник Института философии, политологии и религиоведения КНМНВО РК, асс. профессор, Алматы, Казахстан, e-mail: nurken.aitymbetov@gmail.com

Жұмабайұлы Н. - PhD докторант Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан, e-mail: nury_kz@mail.ru

Information about authors:

Shakeyeva B.R.- Associate Professor-Researcher, Higher School of International Relations and Diplomacy, Turan University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: botashakeeva@gmail.com

Askhat G.- Associate Professor, Higher School of International Relations and Diplomacy, Turan University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: g.askhat@turana-educ.kz

Aitymbetov N.Y.- Leading Research Fellow, Institute for Philosophy, Political Science and Religious Studies of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, Associate Professor, Almaty, Kazakhstan, e-mail: nurken.aitymbetov@gmail.com

Zhumabayuly N.- PhD Doctoral Student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: nury_kz@mail.ru